

РӘБИҒА

Бір перделі драма

Ойын адамдары

Бәйділда — қойшы, 55 жаста

Рәбиға — оның келіншегі, 19 жаста

Келимен — ақсақал, бай, 60 жаста

Ысқақ — жай жігіт, 25 жаста

Арсаяқ — бозбала, 23 жаста

Ахмет — бұл да 23 жаста

Сахна

Қойшының лашығы. Үй ішіндегі көзге түсерлік нәрсе: ақ шымалдық, керенің басындағы көк биқасап шапан, жердегі кара ала сырмақ, қызыл желең бүркенген ақ көйлекті, ақ жаулықты Рәбиға. Өзгенің бәрі — жіп-шу, көне ыдыс, көр-жер.

Бірінші көрініс

Рәбиға *(тізесіне салып, ақ көйлекті тігіп отырып, ыңырысып аң салады)*.

Сең соғар, дария толқып, үйірім жарға,
Күдай-ау, жолықтырма, бейлі тарға!
Таңда жоқ, бүгінгі дос, деген сөз бар,
Қалайық амандасып ағаларға...

Екінші көрініс

Ысқақ *(кіріп келіп)*. Ия, ағаларына амандасып қал!

Рәбиға *(таңданып)*. Мынау қайдан шыға келді!

Ысқақ *(күліп)*. Көктен түстім.

Рәбиға. Арам болар.

Ысқақ. Несі бар?

Рәбиға. Көктен сендей пері түспей-ақ қойсын.

Ысқақ. Сен кімсің?

Рәбиға. Мен бе? Мен періште.

Бәйділдаға қор болған не қылған періште!

Рәбиға. Өзіңе келер сөзді де білмейсің-ау, есалаң байғұс!

Ысқақ. Пай-пай-пай! Кісінің арғы-бергісінен өткізбей сөй-
лемейсің-ау! (*Рәбиғаның қасына жактая кетеді.*)

Рәбиға. Арғысы қайсы? Бергісі қайсы?

Ысқақ. Қармақтамай сөйлесейші!

Рәбиға. Қармағың болса, сен де қармақта! Қармақсыз
жалпақтасаң, шортан тұрсын, шабақ та қаппас.

Ысқақ. Па! Қармағыңа шортан ілініп жүр екен ғой!

Рәбиға. Ілінбей жүргенің қайдан білдің?

Ысқақ. Шортаның да, шолпаның да белгілі ғой, шырағым!

Рәбиға. Кекетсең де казактың шолпанына берем бе екем!

Ысқақ. Бермегенің ғой, әнеугі болыс келген күні тал түсте
болыспен жатып алып, байынды үй айнала жүгіртіп, безектетіп
қойғаның.

Рәбиға. Болысқа мен еркіммен бардым ба? Арызың бар.
Жауап алады деген сон бардым.

Ысқақ. Болыспен неткем жоқ деп танасың ба?

Рәбиға. (*таңданып*). Мен не гыппын!?

Ысқақ. Нананың; тілінді мұрныңа жеткізші!

Рәбиға. Мұрнына жеткізбек түгілі қайда жеткізсең де, бит
шаққан құрлы ойыма ала ма екем. Өйтіп, оспақтамай-ақ қой. Та-
за кісіге шаң жапсыра алмайсың, болса болды деймін. Әкем айтса
да қорықпаймын.

Ысқақ. Сендердің осы қабырғасы жабық сөздерің-ау! Қа-
рағым-ау, менен басқаға айтсайшы!

Рәбиға. Бақырай! Турашыл бола қалған екенсің... Енде-
ше, шынымды айтайын, қолымызды жеткізетің болсаң.

Ысқақ. Айтшы шыныңды, естін!

Рәбиға. Байым әрі кәрі, әрі қойшы, менсінбеймін, тұрғым
келмейді, кәне, не жәрдемің бар? Еркектер! Басымызды кісендей-
тін де өздерің, табалайтын да өздерің. Сен ер жігіт болсаң, менің
басымды тажалдан құтқаршы, көрейін.

Ысқақ. Олай десең, өздерің адам болып жаратылдыңдар ма?

Рәбиға. Жаратылдық.

Ысқақ. 12 мүшелерің бар ма?

Рәбиға. Жоғы да бар шығар.

Ысқақ. Тәйірі, қалжыңды қоя тұршы!

Рәбиға. Ал, бар.

Ысқақ. Бар болса, құдай-ау, өз ақылдарыңмен неге жүрмей-
сіндер?

Рәбиға. Ой, сорлы-ай! Ұсталатын жерің осы емес пе? Ұрғашыға ерік берген қай қазақты көрдің?

Ысқақ. Әне, сөйлегенде тілдерің мірдің оғындай.

Рәбиға. Енді тілімізді де кесіп тастайсыңдар ма?

Ысқақ. Тақылдаған тілден басқа табар өнерлерің жоқ. «Басқа түссе басбақшыл», қорлықта, күндікте жүрсендер де, «ит көзі түтін танымай», кеуделерінді сүйретіп жүре бересіңдер. Кісі болып жаралсаңдар, басыңа ерік ізде, «жыламаған балаға емшек бермейді».

Рәбиға. Ерікті қалай, кімнен сұрарсың. Біздің қол-аяғымыз кісендеулі емес пе?

Ысқақ. Міне, осыларың жаман. Бәрін біліп отырып, тіл мен жаққа сүйнесіңдер. Ұрғашының өжеті, тілдісі Науқамбайдың қарагер тоқалындай-ақ болар.

Рәбиға. Тілді боп қайтіпті?

Ысқақ. Қадиша Науқамбайды да бір мүдірткен ғой.

Рәбиға. Қадишан кім?

Ысқақ. Әлгі Науқамбайдың қарагер тоқалы. Науқамбай тоқалға арқасын сипатып отырып: «Құдайдың күдіреті, белі құрғырды жел ұстап, бойымнан кереңі кетпей жүргені», — депті.

Рәбиға. Ия, тоқал не депті?

Ысқақ. Тоқал жұлып алғандай: «Отағасы-ау, оныңыз рас, үш айдан бері кереңі бойыңыздан бір кеткен жоқ», — депті.

Рәбиға (жымиып). Отағасысы оны ұғып па?

Ысқақ. Ұқпағаны бола ма? «Мен белімің желін айтып отырсам, ит не оттап отыр», — депті. Сонда тоқал тұрып: «Желіңіз бен беліңіздікі бір сабақтас науқас қой. Бойдан кете қоя ма?» — депті. Сонда айтып отырған қарагер тоқал әлі күнге Науқамбайдың қойнында жатыр. Сен де Бәйділданың қойнында өмірің өксіп, күнің өтеді.

Рәбиға. Ол байдың тоқалы ғой. Байға кім қызықпайды. Бәйділданың мен қызығатын несі бар?

Ысқақ. Көрерміз әлі...

Даладан. Ысқақ, сені ауылнай шақырады.

Ысқақ (атып тұра келіп). Ол ит тағы ақша сұрайды ғой. Бұл үйде екенімді қайдан біліп қойып еді. (Кетіп бара жатып.) Рәш, сенімен тағы оңдап тұрып бір сөйлесемін.

Рәбиға. Жарайды, сөйлесерміз.

Үшінші көрініс

Рәбиға (жалғыз өзі тізесін көтеріп, шынтағымен тізесін таянып, ойланады, уайымдайды, анда-санда қамығып, күрсініп қояды). Құдай-ау, қойшыларға қор болып, жақсыға жыр болып өткені...

нім бе?! Екі сөздің бірінде қойшы шалды бетіме салық қылмайтын жан болсайшы. Балдырғандай қызықты жас басым, дәуренім, қызығым шынымен қойшы шалға зая болғаны ма? Жасаған-ау! Не бейілімнен мұндай болдым?! Тең құрбыңның теңіне барып дәурен сүргенін көргенде, зығырың қайнайды. Бармағыңды шайнайсың. Өз ішінді өзің жарып жібергендей боласың. Құдай-ау! Бұқарбайдың келінінен де қор жараттын-ау! Оның күйеуі қортық та болса, ынжық та болса, жас қой. Жасқа тигеннің не арманы бар?! Біздің төбеттей арсылдамайды ғой ол. Біздің собалақ өмір бойы кісі өлтірген кісіше қабағынан қан жауып отырғаны. Өмірі құлағың бір жылы сөз естімейді. Қит етсең, иттің туқымы, шошқаның баласы, әкенің ауызы, түп тұғияның, зау-затыңнан басқа айтары жоқ. Қайтіп шыдарсың? Қайтіп түн көрерсің?..

Д а л а д а н (*Бәйділданьң айғайы шығады*). Е-е-й! Бармысың, мына торсықты ал!

Р ә б и ғ а (*селк етіп, тұра келеді, тысқи шығады*). Бармыз. (*Теріс қарап.*) Жексұрын келіп қалған екен ғой.

Төртінші көрініс

Бәйділда үйге кіріп, күпісін шешіп тастайды. Төрдің алдына екі аяғын көсілтіп, талтайып төмен қарап отырады.

Р ә б и ғ а (*торсықты керегеге іледі, Бәйділдаға жайрақдап*). Бүгін торсығыңды толтырып әкепсің ғой!

Б ә й д і л д а (*арс етіп*). Оны қайт дейсің?

Р ә б и ғ а. Толғанына қуаңсам, арс еткені несі?!

Б ә й д і л д а. Әкеңе ас бергелі толтырдым.

Р ә б и ғ а. Асты өз әкеңе бер! Менің әкем сенен қойыртпақ сұрады ма? Қит етсе, әкен-әкең дейсің, жазығы қызын бергені ме?

Б ә й д і л д а. Қызын маған аяп берген шығар. Не шатып отырсың?

Р ә б и ғ а. Аямағанда, сенің 3 мүшеңе қызыққан шығар.

Б ә й д і л д а. Менің көркіме берген екен ғой.

Р ә б и ғ а. Сен шіркіннің көркінді қойсайшы! (*Ернің шығарып.*) Адырам қалайын! Өзіне-өзі әлдеқандай көрінеді-ау!

Б ә й д і л д а. Дүннеде қордың қызы жалғыз сен! Құдайдың артық жаратқан жаны сен! Қыртып, шатып тұрғаның.

Р ә б и ғ а. Екі ауыз сөзге келмей қорс ете қаласын-ау! Жақсылардың әдеті ғой.

Б ә й д і л д а. Сүйреңдемей, қысқарт енді. Ана шапанды жаманың ба? Күн ұзайын тағы қыдырған шығарсың.

Р ә б и ғ а. Жіп жоқ! Ішегіммен жамайым ба?

Б ә й д і л д а. Ішегіңмен жама! Шошқадан жаралған иттің

тұқымы! Ертеден кара кешке ыржақ-ыржақ! Екі езуің бір жиыла ма?

Рәбиға. Кісімен бір ауыз сөз қатпай, аузымды буып қоямыз ба?

Бәйділда. Осы таусылмайтын не қылған сөз! Бізбен неге сөйлеспейді жұрт? Сөзге өзінің жаның құмар ғой. Бозбала көрсен, естен айырылып қаласың ғой мүлде...

Рәбиға. Е-е-у, байғұсың! Бастамасын тағы бастап келеді! (Аяқта құюлы тұрған қымызды әперіп.) Мә, сөзді көбейтпей, суыныңды іш!

Бәйділда көз қырымен қасқырша қарап, аяқты алмайды.

Рәбиға. Ұстаушы ма ең?

Бәйділда. Немене тықпалатып отырғаның?

Рәбиға. Ұста, ішетін болсаң? Бірдеме үйреніп келдің бе? Мені апарып тастайын деп отырсың ба? (Аяқты жерге қоя салады.) Ал, ішпесең, атау-керең.

Бәйділда (аяқты алып жатып). Жерден жеті қоян тапқан немеше, неге тықпалатып отырсың?

Рәбиға. Мелдігіңнен атып келсең, бері бер.

Бәйділда ала көзімен қарап отырады. Қымызға көзі түсіп кетіп, қылқылдатып бір-екі рет тартады. Ішіп болып аяқты лақтырып жібереді.

Рәбиға. Жай кесірленіп отыр ма өзі? Құдай ондырмай жүргені осы ғой! (Аяқты алып қояды).

Бәйділда (қақырынып, түкірініп маңдайын сүртіп біраз отырады). Жә! Жә! Жетер! Доғар енді! (Баптанып тұрып Рәбиғаға ала көзімен қарап, тысқа шығады).

Бесінші көрініс

Рәбиға (жалғыз, керегеге сүйеніп тұрып ойланады). Құдай-ау! Екі аяқтының итіне душар қылдың-ау! Күліп-ойнап бір аяқ асынды дұрыс іше алмайсың, тым болмаса, жаркылдап отырса, кедейлігі де, шалдығы да білінбес еді. Бүйтіп көрген күнің құрсын! (Есіктен қарап орнына келіп отырады.) Екі атты кісі осы үйге қарай келеді. Біреуі анау күнгі болыстың қасындағы Арсақай жынды ғой! Енді бірі кім екен? Төбет көріп қойса, тағы әңгір таяқ ойнатады ғой. (Сандықтан айнасын алып жағын соланып, көзін түкіріктеп сүртіп, түзеледі. Аздан соң Арсақай мен Ахмет сәлем беріп кіріп келеді).

Алтыншы көрініс

Рәбиға (сызылып ісін тіккен болып отыра қалады). Жоғары шығыңыздар!

Арсақай (тымағын қасқита тұрып киген. Емін-еркін, тең-

селе басып, жүктің алдына таяна отырады, бір илғын көсілген. Рәбиғаға шұқшып мойнын былғаңдатып сөйлейді). Рәш, тәуірсің бе, шырақ!

Ахмет (*сыпайы жігіт*). Есенсіз бе?

Рәбиға (*екеуіне де*). Үш-шүкір! (*Көзінің астымен Ахметке қарайды*).

Арсакай. Рәш, күйлі-жайлы жүрсің бе?

Рәбиға (*жымсыл*). Жүрміз.

Арсакай. Е-е! Арымай, ашпай жүрсің ғой.

Рәбиға (*мырс етіп*). Жүрдік.

Арсакай. Денің сау ғой?

Рәбиға (*тағы жымсыл*). Сау болмасак, отырамыз ба? Бірдеме болып қалды деп есіттің бе?

Арсакай. Жоқ, әншейін, амандығыңды сұрап жатырмын (*Қасындағы Ахметті нұсқап*). Мынау Ахмет. Ахметті білуші ме едің?

Рәбиға. Қайырлы болсын!

Арсакай. Айтқаның келсін, бірге болсын! (*Жан-жағына алаңдап*). Мінебір сар қаншықтарыңның мінезі жаман ғой.

Рәбиға. Ит киімі жаманды қабады деуші еді. Ондайларыңыз жоқ көрінеді ғой.

Арсакай. Дүннеде осындай үйдің қабаған итін жек көретінім-ай!

Рәбиға. Осындай үй деп, бізді қандай үйге тенең отырсыз?

Арсакай (*шаңыраққа қарап*). Осындай оқшау тұрған үйді айтам.

Рәбиға. Жазығы оқшау тұрғаны ма? Басқасы да бар ма?

Ахмет (*жымсыл*). Басқасы да бар шығар. Айтты, айтпады, шешек шыққан үйдей, тым шеткері тігіңсіздер.

Арсакай (*кеңкілдеп күліп*). Ия, ия! Не қонақ үй емес, не орысқа тіккен үй емес, дәл бүйірден...

Рәбиға. Үйіміздің орнын да сөкет көрдіңіздер-ау! Қой сүйкенбесін деп, оңаша қонамыз. Оның несі сезікті?

Ахмет. Басқа себебі болмаса, шаруа ойлаған дұрыс қой!

Рәбиға. Қазбалап қоймадыңыздар-ау! Өзім оңашаны жақсы көрем. Сонан соң үйімді аулақ қондырамын.

Ахмет. Мен де оңашаны жақсы көремін, мұныыз дұрыс

Арсакай (*алақтал, ана екеуінің әзіліне бәгет болмайың деген кісіше*). Рәш, домбыраларың қайда? Дыңғылдатып отырзайық.

Рәбиға (*орнынан тұрып, жүктің артынан домбыраны қолына алып береді*). Балалар шегін үзе берген соң тығып қойып едім

Арсақай түрегеліп, домбыраны колына алып олай-бұлай жүріп, құлағын бұрайды.

Рәбиға *(орнына отырып)*. Өзі де жаман домбыра, келмейтін шығар.

Арсақай *(күрсініп)*. Жаман да болса, бізге алтын домбырадай.

Рәбиға *(насааттанып жымып)*. Домбыра біткен сізге солай ма?

Арсақай. Жоқ, ойбай! Сіздің домбыра бізге алтын.

Рәбиға *(жымып)*. Енді қайтсін...

Арсақай *(олай бір, бұлай бір жүріп, Рәбиғаның қасына жантайып жатады. Ауыр күрсінеді)*. У-у-һ!

Ахмет. Неге күрсіндің?

Арсақай. Ішім күйіп барады.

Рәбиға. Ішіңіз күйсе, тұз берейін.

Арсақай. Тұз бермек түгіл, у берсең де берші, жарқыным! *(Домбыраның құлағына, тиегіне түкіріп, шерте бастайды.)*

Ахмет. Екпінің тәуір екен, бірдеме айтып жіберіп жүрдің.

Рәбиға *(екі қолын айқастырып салып, Арсақайға қарип)*.

Кане, тындайық.

Ахмет. Енді, мына кісінің меселін қайтарма!

Арсақай. Меселін қайтаратын дәрмен бар ма? Аузыма өлені бар болғыр түспей қор қылады ғой енді.

Ахмет. Дүние екі айналып келмейді, не де болса, тәуекел деп соғып қал! Солай емес пе, жеңгей?

Рәбиға. Ол рас.

Ахмет. Әлі сізді жеңгей деппін-ау! Замандас, құрбы дегенім лайық шығар-ау!

Рәбиға. Не десеңіз де, ерік өзіңізде ғой.

Ахмет. Сонда да, бір көрген біліс, екі көрген таныс деген бар ғой.

Рәбиғаға таянып, телмендеп сөйлейді. Рәбиға Ахметке бұрылып, жымып сөзіне жауап беріп отырады.

Арсақай мойнын бұрып салып, екі көзін Рәбиғадан айырмай, өзінен өзі мас болып, домбырасына қайта-қайта түкіре береді.

(Арсақай қиялға кеткен).

Ахмет. Мен сізді бұрын көргенім жоқ-ау деймін?

Рәбиға. Солай шығар.

Ахмет. Күйеуіңізді де көрмеген шығармын? Күйеуіңіз қандай кісі?

Рәбиға *(аз бөгеледі, тыржияды)*. Қандай болады. Кәдуінгі кісі.

Ахмет. Сонда да, жас па, кәрі ме дегенім ғой?

Рәбиға (күрсініп). Жас емес, шал. Қелмен байдың қойшысы.

Ахмет (таңданып). Шын ба?!

Рәбиға. Өтірік айтып отыр дейсіз бе? Шын.

Ахмет. Нанайын ба? Нанбайын ба?! Япырай. Осы түріңізбен бір жас жігіт табылмады ма? Неге шалға тидіңіз?

Рәбиға (солғын). Құдайдың жазуынан артық бола ма?

Ахмет. Құдайдың жазуы тұрыпты ғой. Бір тәуір жігітпен кетіп қалуыңыз екен.

Рәбиға. Кетіп қалуға бола ма?

Ахмет. Неге болмайды?

Рәбиға. Әке-шешенің қарғысын қайтеміз?

Ахмет. Шын жаны ашыған әке-шеше сүйгенмен кеткенге қартамайтын шығар.

Рәбиға. Мал алып қойды ғой. Ішіп-жеп қойған малды қайта құсу оңай ма?

Ахмет. Сол әкенің алған малы сізге жар болды ма?

Рәбиға. Бата бұзған, қарғыс алған онбайды дейді. Қайдан білейін...

Ахмет. Ол бекер сөз, талай бата бұзып, теңімен қашып кеткен әйелдер дәурен сүріп-ақ отыр.

Рәбиға. Пәленшенің қызы қашып кетіпті деген, атаның намысына тиеді ғой деп те қорғаладық, ақыры құдайдың жазуынан артық бола ма?

Ахмет. Осы айтып отырған дәлелдеріңіз өмірдің бір күнгі өксігеніне төтеп бермейді ғой. Мен сіздің орныңызда болсам, қарғыс, бата, әдет-ғұрып, намыс, құдайдың жазуы деп отырмас ем. Бір шал қойшыға қызықты жас дәуренімді зая қылмай, сүйген жігітіммен кетіп қалар едім.

Рәбиға (ауыр күрсініп). Қайтейін, кетпейін деген жок едім, аулымыздағы Ыбырай молданың ызғарынан қорықтым. Со кісінің сөзінен шыға алмадым. Жасымнан сол үйде қолқанат болып өсіп едім.

Ахмет. Ыбырай молданың жаны ашығаны шалға сатқаны ма?

Рәбиға. Осы шал күйеуім бұрын сол үйдің қойын көп бағып, еңбегі сіңген ғой.

Ахмет. Мен әлі де болса, сізге кеш емес қой деймін. «Жас жастың тілегі бір, жібектің түйіні бір» деген бар. Жастық басымда болғанға жаным ашиды, әлде болса қорлықта жүрмей біреумен кетіп қалыңыз!

Рәбиға. Оныыз рас қой, әркім сүйдеп айтады. Қайдан білейін, реті қалай боларын... Ойбай-ау! «Әңгіме бұзау емізер,

бұзау таяқ жегізер» деп, әңгімемен отырғанда, шалым келіп шаңымызды қағып жүрер-ау! *(Тысқа шығып, қайта келеді.)*

А р с а қ а й. Немене? Шалың көріне ме?

Р ә б и ғ а. Көрінеді, қойын қосып жүр.

А х м е т. Арсақай, Рәбиға жеңгей кісінің көңілін бұзды ғой, зарлы бірдеңе айтып жіберші!

А р с а қ а й. Зарлы не бар?.. Зұлқияны айтпасам.

А х м е т. Зұлқияны-ақ айт!

А р с а қ а й *(ырғалып, талағын қайта-қайта кенеп, домбыраның құлағын әлденеше бұрағаннан кейін, Рәбиғаға қарап, мойнын былғаңдатып, Зұлқияның екі ауыз өлеңін әнге салады).*

Кызы едім мен Зұлқия Оспанбайдың,
Ол Қасым қол астында Болсынайдың,
Таксыр-ау, мизамына мүмкін болса,
Өтініп, кішілікпен жол сұраймын.
Ақа-қа-қау-ой, жалған!
Бұл дәурен екі айналып, келмес саған.

Ауылым Кызыл шілік аралында,
Сол жаман теңім емес, барамын ба?
Сол жаман егер менің теңім болса,
Сақина сау басыма саламын ба?
Ақа-қа-қау-ой, жалған!
Бұл дәурен екі айналып, келмес саған.

Жетінші көрініс

Бәйділда қабағы аузына түсіп, түтігіп, түксініп кіріп келгенде, Рәбиға екі жігіттің ортасында жайрандап, қаннен қаперсіз отыр еді. Бәйділда жұлқынып, кіріп келгенде, «Түр, иттің баласы!» деген даусы зеңбіректің даусынан кем шыққан жоқ. Екі жігіт те, Рәбиға да қалай атып тұра келгенін өздері де білмей қалды.

Б ә й д і л д а. Шошқадан жаралған, иттің тұқымы! Неден есің шықты!

Ахмет, Арсақай аңырып тұрып қалды. Рәбиға тұра келіп, мөлніп тұр.

А р с а қ а й *(сасқанынан)*. Бәйділда, амансың ба?

Б ә й д і л д а. *(Арсақайға оқты көзімен қарады, сөз қатқан жоқ. Ол Рәбиғаға төнді)*. Бұ не?! Бұ не!? Қыз ойнақ бар ма бұл үйде?! Не қылған ойын-сауық?!

А х м е т. Отағасы... ақсақал... ағай... сабыр етіңіз! Сабыр етіңіз! Бұ кісінде түк жазық жоқ.

Р ә б и ғ а *(түсін жылытып)*. Қой енді! Кісі кеткен соң да жетер.

А х м е т. Ия, шатақты қойыңыз! Ашуды тастаңыз! Біз үшін ашулансаңыз, біз кетейік.

А р с а қ а й. Ия. Біз кетейік, жарықтығым!

Бәйділда (жігіттерге қарамайды, екі көзі Рәбиғаны ішіп-жеп барады). Ертеден қара кешке... ертеден қара кешке... есін шығып... есің шығып... (Жолында жатқан домбыраны есікке қарай лақтырады.) Домбыра, ойын-сауық... Қыз ойнақ... Жынның ойнағы... (Жігіттер жөнеледі.)

Рәбиға (есік жаққа барып, күйбеңдейді, құманды түзеіп қояды, домбыраны көтереді). Жа, жә! Кісі кеткесін де жетер! Болар енді, болады ғой.

Бәйділда (жігіттердің шығуы-ақ мұң екен, тістеніп, дірілдеп, қалшылдап, білегі сыбанулы). Мә саған болады! Мә саған болады! (Рәбиғаның басына міне түседі, жұдырықтың астыны алады.) Қашанғыдан бұрын... сенен-ақ өлдім ғой!.. Сен-ақ тірідей өлтірдің ғой!.. Иттің баласы! Күнде өлгенше, бірақ өлейін, құнынды бірақ көрейін!.. Иттің тұқымы! Құдайдың құтты күні... Бозбаланы жиіап алып отырғанын... Мен сартылдап жүремін... Сен үшін мен сартылдап, табанымнан таусылып жүремін... Бұ не деген жүзқара!? Бұ не деген бетпақ!? Бұ не деген қаншық еді, ойбай!?

Рәбиға (тістеніп жылап). Ойбай!.. Ойбай!.. Өлдім.. Өлгір!.. Өлтір!..

Сегізінші көрініс

Келімен (ақ көйлекті, таяқты, аяғының басына кебіс ілген ақсақал кіріп келіп, Бәйділданы жауырын ортадан таяқпен салады). Құтырып кеткен шіркін! Кісі өлтіремісің?! (Бәйділда ұрғанын доғарады.) Күнге қалдырайын деп пе едің?! Өлтіресің ғой... Қатынды ұрғанда, солай ұра ма? Жаман неме! Сенің қатын алғаның пәле болды ғой! (Рәбиғаға.) Түрегел, шырағым! Жылама! Бұл бір ақымақ! Қой қосусыз, жұмыс қилусыз, сен мұнда келіп, қатын сабайсың! 5 қой, 5 киімді сұрағанда қандайсың?! Тұр! Қойынды қос! Боқ жеген иттің, қарашы! Кісінің құнын тартқызып, шығынды басыннан асырайын деп жүр екенсің! Кет! Бар! Жоғал! (Желкелеп айдап алып кетеді.)

Рәбиға (дуана талағандай, үйқы-түйқы болған, ыза, намыс кернеген, дауысы саңқылдап). Енді саған қатын болсам, ... әкеме қатын болайын! Бір күн де, бір сағат та тұрмаймын. Міне, мен кеттім, адыра қалғыр! Қара қорымыңды адыра қалдырайын! Күпдіктен, қорлықтан құтылайын! Басыма теңдік алайын! Кел, қазақтың күн қыздары! Қол ұстасып, бостандық тұрмысқа жетейік!

Шымалдық

Thank you for evaluating AnyBizSoft PDF Splitter.

A watermark is added at the end of each output PDF file.

To remove the watermark, you need to purchase the software from

<http://www.anypdfools.com/buy/buy-pdf-splitter.html>